



Цин патшалығының Қазақ хандығына жолдаған дипломатиялық хаттарынан бір нұсқа (1790 ж.)

Дүйсенәлі Әбділәшім

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан

Corresponding author

E-mail address: airu331@gmail.com

<https://orcid.org/0000-0001-7466-2144>

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2023-143-2-8-17>

Аңдатпа. Мақала XVIII ғасырдың соңына ала Цин патшалығының патшасы Цяньлуннің Қазақтың Шығыс аймағына иелік еткен Ханқожа сұлтанға жолдаған жарлық хатын арқау етеді. Бұл хат Қазақ хандығы, әсіресе оның шығыстағы көршісі – Цин патшалығымен болған дипломатиялық қарым-қатынастарын егжей-тегжейлі зерттеу үшін аса қажетті тарихи дереккөздердің бірі болып табылады. Жоңғарлар жойылғаннан кейін Қазақ хандығы мен Цин патшалығы ресми дипломатиялық қатынас орнатып, екі жақ арасындағы сауда-саттық ісі дами бастады. Осыған орай қазақтар тарапынан көптеген хаттар жазылып жөнелтіліп отырды. Бұл хаттар, бүгінгі таңда Пекиндегі Қытай бірінші тарихи архив қорында сақтаулы, біз талдау жасап отырған жарлық хат та осында. Аталмыш хат Цин патшасы Цяньлун жағынан жазылып, патша ордасына дидарласа барған қазақ елшілері арқылы Ханқожа сұлтанға жіберілген. Хатта патша өзінің 80 жасқа толған туған күн тойы қарсаңында құттықтай келген қазақ елшілері туралы айта келіп, оларға берілген шен аты, тарту-таралғылар жөнінде мәлімет берген. Сондай-ақ елшілермен бірге ере барған орынбасар елшілер мен атқосшылары да ауызға алынған. Мақалада түпнұсқа мәтінмен бірге оған байланысты жазылған мәнжу, қытай тілді мәлімдемелер де кеңінен талқыланғандықтан, мақаланың ғылыми құндылығын арттыра түседі.

Түйін сөздер: Қазақ хандығы; Цин патшалығы; Ханқожа сұлтан; жарлық хат; мәнжу тілді мәлімдемелер.

Received 12.01.2023. Revised 15.01.2023. Accepted 15.02.2023. Available online 30.06.2023.

Citation:

Abdilashim D. A Version of Diplomatic letters from the Qing Dynasty to the Kazakh Khanate (1790)//Bulletin of L.N. Gumilyov ENU. Historical sciences. Philosophy. Religion Series. 2023. – Vol. 143. – № 2. – P. 8-17. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-143-2-8-17.

Для цитирования:

Абдилашим Д. Из версия дипломатических писем династии Цин Казахскому ханству (1790 г.)//Вестник ЕНУ им. Л. Гумилева Серия: Исторические науки. Философия. Религиоведение. – 2023. – Т. 143. – №.2. – С. 8-17. DOI: 10.32523/2616-7255-2023-143-2-8-17.

Кіріспе

Цин патшалығы Жоңғарларды түбегейлі жойғаннан кейін 1757 жылы (сол тұстағы қазақша хаттарда үнемі «сиыр жылы» деп хатталған) Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасында ресми дипломатиялық қарым-қатынас орнады. Осы жылдың күз айларында Абылай мен Әбілпейіздің жіберген елшілері Цин ордасына барып патшамен дидарласып қайтты. Осыдан кейін екі жақ арасында достық барыс-келіс күшейіп, «жылқыға жібек саудасы» тез дамыды (Әділәшім 2011: 11). Алғашында Үрімжіден (1758), соңынан Іле-шала Іле (1761) мен Тарбағатайдан (1764) сауда жәрмеңкелері арт-артынан ашылып, шекара өңірлердегі сауда-саттық ісінің гүлденіп-көркеюіне мұрындық болды. Осының нәтижесінде екі жақ арасында елшілік сапарлар жиілеп, әсіресе қазақтар жағынан Іле, Тарбағатайдағы жергілікті әкімшіліктегілерге, сондай-ақ патшаға амандаса барған елшілердің саны да қауырт молайды. Сонымен бірге Цин патшалығы жаға халқын береке-бірлікке шақырып, шекара өңірлердің тыныштығын сақтауға ат салысқан қазақ хан, сұлтандары мен ру басыларын мадақтап, шен маржаны мен ұтағат (шен аты) қадап, мол тарту-таралғылар сыйлады. Тіпті ретін тауып, олардың арасындағы беделді ел көсемдеріне жарлық хат та түсіріп отырды (Әділәшім 2016: 7).

Осындай дипломатиялық хаттардың біріне Цяньлун патшаның қазақ ваны Ханқожаға түсірген жарлық хатын мысалға алуға болады. Аталмыш хат Цяньлун патшаның 80 жасқа толу байланысымен өткізілген мерей той қарсаңында (1790) жазылып, тойға барған қазақ елшілері арқылы Ханқожаға жіберілген. Цяньлун патша Канси (*elhe taifin / kang xi*) жылнамасының 50-жылы 8-айдың 13-күні (1711 жылы 25 қыркүйек) Юнчжэннің (*howaliyasun tob / yong zheng*) патшаның 4 ұлы есебінде дүние есігін ашқан. Ата тегі – Айсиньгиоро Хонли (*aisin gioro hung li / ai xin jue luo hong li*). 1735 жылы 8 қазан 25 жасында мұрагерлік жолымен әкесі Юнчжэннің орнына таққа отырған, жылнамасы – Цяньлун (*abkai wehiyehe / qian long*). Ол – Цин

патшалығы тарихындағы 6 патшаның бірі, сондай-ақ қазіргі қытай территориясының қалыптасуы мен бекемделуінде өшпес үлес қосқан әйгілі патша болып табылады. 60 жыл тақта отырғаннан кейін атасы Кансидің 61 жыл тақтан түспей билік жүргізген ерен еңбегін ұлықтап, одан аспау мақсатында өз еркімен тағын босатып, ұлы Цзяцинді (*saicungga fengxen / jia qing*) орнына қойған. Алайда алғашқы 3 жылдай уақыт билік тізгінін өз уысынан шығармаған. Осылай шәу тартса да билікке белсенді араласқан Цяньлун патша Цзяцин жылнамасының 4-жылы 1-айдың 3-күні (1799 жылы 7 ақпан), 89 жасқа қараған шағында қайтыс болған. Қазақтың Абылай ханымен (1771–1781) даң құрдас.

Зерттеу әдістері

Бұл мақалада тарих және тарихи деректану ғылымдарының талдау әдістерінен ұтымды пайдаланылып, мәнжу, қытай тілінде жазылған тарихи дереккөздерге сүйене отырып, XVIII ғасырдың соңына ала Цин патшалығының патшасы Цяньлуннің Қазақтың Шығыс аймағына иелік еткен Ханқожа сұлтанға жолдаған бір парша жарлық хаты егжей-тегжейлі талданады. Оның түпнұсқасының көшірмесі, транскрипциясы және қазіргі қазақ тіліндегі аудармасы беріліп, тарихи деректанудың ғылыми зерттеу әдісімен ұштастырылады. Осы арқылы Қазақ хандығы мен Цин патшалығы арасында өрбіген саяси-экономикалық қарым-қатынастың жай-жапсары баяндалады. Бұл өз кезегінде Қазақ хандығы әлеуметтік тарихи қайталай сараптауға оң ықпал жасайды.

Талқылау

Ханқожаға түсірілген жарлықтың ескі жазба тілдегі нұсқасының жазылған уақыты мұрағат дерегі бойынша Цяньлун жылнамасының 55-жылы 10-ай (1790 жылы 7 қарашадан 5 желтоқсанға дейін), микрофилмдегі нөмірі: 149: 26 – 27-29. Түпнұсқасы қазір Қытай бірінші тарихи мұрағат қорында сақтаулы. «Цин дәуіріндегі шекара өңірлерге қатысты

жазылған мәнжуша мұрағат құжаттардың каталогына» (Қытай бірінші тарихи мұрағаты, Қытай халық университеті Цин патшалығы тарихын зерттеу институты және Қытай шекара өңірлер тарих-география зерттеу орталығы бірлесіп құрастырған, Гуанси педагогикалық университеті баспасы, 1999.) енгізілмеген. Мақаламызда жарлық хатты жан-жақты зерделеу мақсатында алдымен оның ескі жазба тілге аударылған нұсқасын талқылап, қазіргі қазақ тіліне аударып бердік. Қазіргі тілге аударуда мүмкіндігінше әуелгі мағынадан ауытқымауға күш салдық. Соңында жарлық хатта кездесетін бір бөлім маңызды түйіндерге арнаулы тоқталып, қатысты мәнжуша, қытайша мәлімдемелер арқылы олардың мәнін ашуға тырыстық. Ескеретін бір жәйт, жаңсақ ұғым туылмауы үшін мақаламызда кейбір кісі аттары мәнжу тіліндегі жазылымына сәйкес алынды. Сондай-ақ мұнда тек жарлық хаттың қазіргі қазақ тіліндегі аудармасы ғана берілді.

Жарлық хаттың қазіргі қазақ тіліндегі аудармасы:

Құдайдың бұйрығымен заманды иелеген патшаның қазақ ваны Ханқожаға түсірген жарлығы. Сендер аға-інілі болып бұл жылдар менің айырықша ауыр ілтипатымды көтердіңдер. Ал биыл менің 80 жасымды, түмен ғұмырымды айырықша құттықтау үшін жосын бойынша інілерің Жошы, Көгедайларды жіберіп, шын, рас көңіліңмен жалбарынып, бас қойғаның ерекше мадақтауға татырлық іс, тола шаттандым. Жошы, Көгедай және Санияздың ұлы Жабай, Әділдің ұлы Сатыпалды қатарлы елшілердің бәрі аман-есен келіп, менімен дидарласты. Бәрі де ұлыс елшілері, жол-жосын жасады. Сондықтан оларға қонақасы беріп, түрлі заттар мен күміс қайрандадым (сыйға тарттым). Інің Жошыға бұрын моншақ, ұтағат қайрандаған едім, бұл жолы тағы айдаһар гүлді тон, гүлді күрме, жіп шашақты қалпақ, таспик, мешпет, етік сыйлады. Көгедайға алғаш келіп дидарласқандағы жосын бойынша ілтипат етіп шын тас моншақ, екі көзді ұтағат сыйлап қадатып, екі дөңгелекті айдаһар гүлді күрме, айдаһар гүлді тон, мешпет,

жіп шашақты қалпақ, таспик, белбеу, қап, киім-кешек қайрандап киіндірдім.

Сатыпалдыға дәрежесі жоқ болғандықтан, 4-дәрежелі моншақ, ұтағат қайрандап қадатып, Жабаймен қоса жеке-жеке айдаһар гүлді тон, гүлді күрме, жіп шашақты қалпақ, таспик, белбеу, қап сыйлады. Еріп келген Теңгебай қатарлы 13 елшінің бәріне жеке-жеке 6-дәрежелі моншақ, киім-кешек қайрандадым. Қосшыларына бірден албан торқа күрме тон, бүтін торқа, күміс сыйға тарттым. Бұдан сырт, әр түрлі от ойындары мен ойын-сауық көрсеттім. Жошылар қайтарда Ханқожа саған жарлық хат түсіретін жосын бойынша тоқитын айдаһар гүлді тондықтан 1, бұлғын терісінен 30, атластан 1, үлкен сегіз жіпті торқадан 2, бес жіпті торқа, лоңқа, шыныдан 4, шишадан 2, шайдан 4 лоңқа қайрандап Жошыға бергізіп, жол бойы қорғап келген қорғаушыларға табыстап қайтардым. Қайтып барғанда өздеріне сыйлаған заттарды ұлықтап алыңдар.

Бұдан кейін менің ілтипатыма кенеліп, шын, рас көңілмен қызмет қылыңдар. Халқыңның басын қосып, жағадағы (шекара өңір) ұры-қарыларды құрықтаңдар, іс шығармаңдар. Көрші аймақтармен тату-тәтті болып, тыныш ғұмыр кешіңдер, інілеріңмен сыйласып өтіңдер. Барлық істі түгел Іле, Тарбағатайдағы генерал, хыб амбандардың (жергілікті ұлықтар) айтқаны бойынша істеңдер. Ұзақ жылдар бай-бақытты, тыныш өмір өткізіп, ілтипатыма мәңгілік кенелуді ұмытпаңдар, жалқаулық қылмаңдар деп үкім түсірдім.

Жоғарыдағы жарлық хаттың мазмұнынан байқағанымыздай қазақ елшілері Цяньлун патшаның 80 жасқа толу байланысымен өткізілетін торқалы тойына арнаулы жіберілген. Мұнда бас елші салауатымен барғандардан Әбілпейіздің ұлдары Жошы мен Көгедай және Әділдің ұлы Сатыпалды мен Санияздың ұлы Жабай, ілескен орынбасар елшілерден Теңгебай бастаған 13 адамды айтуға болады. Сонымен қатар патшаның бас елшілер мен оның орынбасарларына түгелдей шен маржандарын қадап, бағалы заттар қайрандағандығын байқай аламыз.

Тарихи жазба деректерге сүйенсек, Цяньлун патшаның 80 жастық ұзақ

ғұмырын ұлықтау тойы аса дабыралы өткен. Тойға тек қазақ елшілері ғана емес, алыс-жақыннан көптеген шенді-шекпенділер қатысқан. Мысалы, Цин патшалығына қарасты торғауыт, дәрбіт, хошшоут, ұраңқайлардың бейлі-бейсі, тайжілерімен қатар ұйғыр бектері де патшаның ұзақ ғұмырын тойлау үшін алдын-ала жолға шығып, алдымен Джехолдағы (*re ho / re he*) патшаның жаздық ордасына (*halvon be jailara guring / bi shu shan zhuang*) жеткізілген.

Бұл жолғы қазақ елшілері екі топқа бөлініп патшаның жаздық ордасын бетке алып жолға шығады. Оның бірі – Жошы бастаған елшілер тобы, олар ішкі жол яғни Іле, Үрімжі арқылы аттанса; енді бірі – Көгедай, Сатыпалды, Жабай бастаған елшілер тобы, олар сыртқы жол – Қобда, Ластай арқылы жолға шығады. Бұл арада мақаланың ғылыми құндылығын дәріптеу мақсатында сол жолы әр жердегі жергілікті ұлықтар жағынан патшаға жолданған мәлімдемелерде кездесетін қазақ елшілерінің тізімдігін мысалға алуға болады. Алдымен Жошы бастаған елшілер тізімін көрелік. Бұл тізімдік Іле генералы Баунин қатарлылардың Цяньлун жылнамасының 55-жылы 4-айдың 15-күні (1790 жылы 28 мамыр) Жошылардың Іледен аттанғаны туралы патшаға жолдаған мәнжуша мәлімдемесінің соңын ала арнайы хатқа түскен (ЦШМА 2012 (188): 249). Мысалы:

Транскрипциясы:

(1) hasak wang hanghojo i deo jolci, gvsin ilanci aniya, gvsin nadanci aniya de genggiyen be hargaxaha, erimbu wehei jingse, juwan yasai tojin funggala hadabuhabi, (2) adabuha elcin sunja, (3) tanggabai, tuktan mudan genembi, (4) kupan, tuktan mudan genembi, (5) darji, tuktan mudan genembi, (6) murat, tuktan mudan genembi, (7) batur, tuktan mudan genembi, (8) dahalame genere kutule ilan, (9) dolocir, (10) bitek, (11) boktobai.

Қазыргі қазақ тіліндегі аудармасы:

Қазақ уаңы Ханқожаның інісі Жошы 1768, 1772 жылдары патшамен дидарласуға барып, лағыл тасты жіңсе (шен аты), қос көзді ұтағат қадап қайтқан. Орынбасар елшілер жиыны 5 адам, олар: Теңгебай, Күпан, Доржы, Мұрат және Батыр, бәрінің

де тұңғыш рет баруы. Ерген қосшылары үшеу: Долочир, Бітік, Боктобай.

Жоғарыдағы тізімдіктен Жошының бұдан бұрын 2 рет патшамен дидарласуға барып, шен маржанын қадап қайтқанын; бұл жолы 3 рет жанына 5 адам ертіп, 3 қосшысымен жиыны 9 адам болып жолға шыққанын түйіндей аламыз. Шынтуайтқа келгенде, Жошы тайжі бұл рет әсілі ұлы Адайды (*adaı*, “Ағадай” болуы мүмкін) жібермекші болған, бірақ ол аяқ-астынан ауырып қалғандықтан орнына бас елші салауатымен өзі барған. Өзінің айтуына қарағанда, 15 жасында (1768) тұңғыш рет патшыға амандаса барған (Әбділәшім 2009: 55). Осы дереккөз бойынша есептегенде Жошы бұл жолы 37 жасында барған болады. Жошы гун – қазақ хан, сұлтандарының ішінде Цяньлун патшаға ілгерінді-кейінді 3 мәрте (1768, 1772, 1790) амандаса барып, шен маржанымен қоса мол тарту-таралғы алып қайтқан беделді сұлтандардың бірі.

Ал Қобда-Ластай жолымен жүрген Көгедайларға оралсақ, бұл туралы Қобда ұлығы Умиусунның Цяньлун жылнамасының 55-жылы 4-айдың 28-күні (1790 жылы 10 маусым) патшаға жолдаған мәнжуша мәлімдемесіне (ЦШМА 2012 (188): 328-330) назар салмай болмайды. Осында хатталуынша, бұл бағыттағылар екіге бөлініп жол алған. Алғашқы топтағылар – тайжі Көгедай, Сатыпалды мен олардың ерткен адамдары, олар Іледен жіберілген көк түсті ұтағат шенді Сыбтанның бастауында Цяньлунның 55-жылы 4-айдың 15-күні (1790 жылы 28 мамыр) Қобдаға жетеді; ал соңғы топтағылар – Жабай тайжі, Төбет ақалақшы және олардың ерткен адамдары, олар Іледен жіберілген гусайда (*xie ling*) Циуангиянның жол бастауында 4-айдың 17-күні (30 мамыр) Қобдаға жетеді. Олар осында 2-3 күн еру болғаннан кейін алдыңғы топтағылар 4-айдың 18-күні (31 мамыр), соңғы топтағылар 4-айдың 19-күні (1 маусым) Ластайды бетке алып жолға шығады. Ал бұл бағыттағы қазақ елшілерінің құрамында кімдер барлығы осы мәлімдеменің соңын ала берілген елшілер тізімінде анық жазылған. Мысалы:

Транскрипциясы:

(1) uju meyen de lamun funggala ts'ebdan gaifi tuwaxatame yabure (2) hasak

kukudai, wang hanghojo, taiji jolci, bopu i deo, ere aniya juwan uyun se, tuktan mudan genembi, bopu be dahalame banjime ofi, bopu imbe takvraha, (3) dahalame genere adabuha elcin duin, (4) tasitemur, susai emuci aniya hanghojo i deo agadai be dahalame gemun hecen de genefi ningguci jergi jingse xangnaha, (5) sasai, tuktan mudan genembi, (6) altabai, tuktan mudan genembi, (7) booubok, tuktan mudan genembi, (8) kutule emke combai, (9) hasak satibalde, taiji adil i jui, saniyas jalahi jui, ere aniya juwan nadan se, tuktan mudan genembi, adil imbe takvraha, (10) dahalame genere adabuha elcin juwe, (11) bere, tuktan mudan genembi, (12) hvrumusu, tuktan mudan genembi, (13) kutule emke koben, (14) jai miyen de gvsai da ciowangiyang gaifi tuwaxatame yabure (15) hasak giyabai, taiji saniyas i jui, jadak i deo, ere aniya orin juwe se, susai emuci aniya gemun hecen de genefi duici jergi jingse tojin funggala xangnaha, (16) dahalame genere adabuha elcin juwe, (17) bukumbai, susai emuci aniya giyabai de kutule obume gemun hecen de emu mudan yabuha, (18) aldak, tuktan mudan genembi, (19) kutule emke mirdza, (20) tubet, turtul otok i ahalakci, karun i hanci tefi baita ulandome [sic.ulandume] faxxame turgunde, sunjac i jergi jingse tojin funggala hadabuhabi, beye habxame tuktan mudan genembi, (21) erei dahalame genere hasak emke eresbai.

Қазыргі қазақ тіліндегі аудармасы:

1) Көк түсті ұтағат шенді Сыбтанның ие болып жол бастап баратындары: (1) қазақ Көгедай, ол – Ханқожа ван және тайжі Жошы, Бопылардың інісі, биыл 19 жаста, патша ордасына алғаш рет баруы, Бопыға еріп қарауында болғандықтан, Бопы жіберген. Оған ерген орынбасар елші төртеу: бірі Тастемір, ол 51-жылы (1786) Ханқожаның інісі Ағадайға еріп патша ордасына барғанда, патша оған алтыншы дәрежелі жіңсе қайрандаған. Қалған үшеуі – Сасай, Алтабай, Баубек, бәрінің де тұңғыш рет баруы. Қосшы біреу: Шомбай. (2) қазақ Сатыпалды, ол – Әділ тайжінің ұлы, Санияздың немере баласы, биыл 17 жаста, патша ордасына алғаш рет баруы, әкесі Әділ жіберген. Оған ерген орынбасар елші екеу: Быры және Құрымсы, екеуінің де тұңғыш рет баруы. Қосшы біреу: Көбен.

2) Чиуангиян гусайданың ие болып жол бастап баратындары: (1) қазақ Жабай, ол – Санияз тайжінің ұлы, Жәдіктің інісі, биыл 22 жаста, 51-жылы (1786) патша ордасына амаңдаса барғанда, патша оған төртінші дәрежелі жіңсе сыйлап, ұтағат қадаттырған. Оған ерген орынбасар елші екеу: Бірі Бөгенбай, ол 51-жылы (1786) Жабайдың қосшысы ретінде патша ордасына алғаш рет барған. Енді бірі Алдақ, оның тұңғыш баруы. Қосшы біреу: Мырза. (2) Төбет – Дөртуыл руының ақалақшысы, қарауылға жақын отырып, жағалауда туылған істерді жөнге салып еңбек көрсеткендігі үшін бесінші дәрежелі жіңсе, ұтағат алған. Өзінің айтуынша патша ордасына тұңғыш баруы. Жанына ерген қазақ біреу: Ырысбай.

Көріп отырғанымыздай бұл елшілер тізімдігі осы жолғы қазақ елшілерінің жалпы жағдайынан толық мағлұмат беретін аса маңызды тарихи жазба материал болып есептеледі. Алдыңғы мақалаларымызда Көгедайдың қашан қайтыс болғандығы және оның себептерін інісі мен балаларының Іле генералына жазған хатынан нақты дәйексөздер ала отырып толығырақ баяндап, Теңгебай бастаған 13 елшіге тоқталғанда олардың кімдер екендігі туралы қазірше беймәлім екендігін ескерткен болатынбыз (Әбділәшім 2012: 51-57). Алайда жоғарыдағы елшілер тізімі біздің осы мәселелермен қатар басқада оң шешімін таппай келе жатқан кейбір түйіншектерді шешуімізге мұрындық бола алатындығын аңғарамыз. Осы құжат арқылы алдымен Көгедай гуннің туған жылын есептеп шығаруға болады. Яғни 1790 жылы Көгедай 19 жаста болса, онда ол 1771 жылы туған болады. Осы дереккөзіне сүйене отырып Көгедай гуннің туған, қайтыс болған жылы төңірегінде өрбіген түрлі пікірлерге жөн сілтеп, оны бір ізге сала аламыз немесе Көгедай 1771 жылы туып 1823 жылы 52 жасында қайтыс болған деп тұрақтандыруға болады.

Енді бір маңызды түйін – Көгедайдың жанына ерген адамдардың кімдер екендігі және олардың қашан, қайдан жолға шыққандығы. Жоғарыдағы құжат мазмұны осындағы алдыңғы мәселені

біржолата шешуге түп негіз бола алады. Айталық, онда Көгедайдан тыс, жанына ерген орынбасар елшілерден 4, қосшыдан 1 кісінің аты-жөні нақты хатқа түскен. Міне бұл ел арасында тараған аңыз-әңгімелер мен шежірелердегі Көгедайдың қасына ерген адамдар туралы айтылатын мазмұндармен толық өбіспейді. Жоғарының нұсқауына сай 25 қыркүйектегі дүбірлі тойға қатысатын елшілердің 7-айдың 7-күніне (16 тамыз) дейін жаздық ордаға барып болу керектігі ескерілгендіктен, уағдалы уақытта үлгіріп жету үшін Көгедайлар ертерек мамыр айының ішінде (қай күні екені беймәлім) Тарбағатайдан жолға шыққан деп жорамалдауға болады. Бұл жөнінде арнаулы құжат кездеспегенімен, осы кездерде жазылған қатысты мәлімдемелерден жанамалай біле аламыз.

Жоғарыдағы мәтін мазмұны Көгедайға қатысты тағы бір өзекті мәселенің шешімін табуға дәнекер бола алады. Яғни «Көгедайға иелік етіп патша ордасына жіберген кім» деген мәселені қайталай қарастыруда ғылыми негізін жоймайды. Құжат мазмұнына сүйенсек, онда Көгедай ағасы Бопыға еріп, оның қамқорлығында болғандықтан Бопы жібергендігі баса дәріптеледі. Бұны төмендегі құжат мазмұны тіпті де дәлелдей түседі. Яғни Іле генералы Баунинның Цяньлун жылнамасының 54-жылы 12-айдың 5-күні (1790 жылы 19 қаңтар) патшаға жолдаған мәнжуша мәлімдемесінде былай делінеді (ЦШМА 2012 (187): 324):

Транскрипциясы:

(1) jakan hasak taiji bopu i deo kukudai
 (2) taiji adil i jui setibaldi ili de jifi aha de
 (3) asanjija, fonjici kukudai setibaldi i alaha bade kukudai (4) mini ahvn bopu, setibaldi mini ama adil ere bolori (5) cohome niyalma takvrafi ishun aniya (6) amba enduringge ejen i jakvnju se i tumen jalafun i (7) doroi membe hengkilebume unggire babe jiyanggiyvn de (8) baiha bihe, te cohome membe takvrafi jiyanggiyvn de (9) takabume, belek morin alibume, membe atanggi (10) jibufi unggire babe dacilame jihe, erei ildun de (11) majige uncara ulha be gajiha seme alambi.

Қазыргі қазақ тіліндегі аудармасы:

Жақында қазақ тайжісі Бопының інісі Көгедай, Әділ тайжінің ұлы Сатыпалды Ілеге келіп, құлыңыз – менімен кездесті. Келген мән-жайын сұрастырып едім, Көгедай мен Сатыпалды маған былай деді: «Ағам Бопы мен Сатыпалдының әкесі Әділ былтыр күзде арнаулы адам жіберіп келер жылғы ұлық Боғда Ежен ханның 80 жастық ұзақ ғұмырын құттықтау үшін бізді жіберетіндіктері туралы Іле генералына айтқызып, өтінген болатын. Енді міне өзімізді арнайы жіберіп генералмен жүздестіріп, тартуға ат бергізіп, бізді қашан жіберетіндіктеріңізді сұратып отыр. Осы байланыспен саудаға азырақ мал ала келдік».

Құжат мазмұнынан қарағанда, Бопылар алдын-ала арнаулы адам жұмсап, Көгедайларды патша ордасына жіберу туралы Іле генералына өтініш жасағандарын; соңынан көп ұзамай сол өтініштеріне жауап алуға Көгедайлардың өздерін жібергендерін толық түсінуге болады. Бұдан Көгедайға демеуші болып, оны патшаның 80 жасқа толу байланысымен өтетін торқалы тойына ағасы Бопы ие болып жібергенін тікелей аңғара аламыз. Ал жарлық хатта Жошы, Көгедайларды жіберуші ретінде ағалары Ханқожа меңзелгенімен бәрі де аңыз-әңгіме, шежірелерде үнемі айтылатын қатысты мазмұндармен бір арнада тоғыспайды. 1783 жылы әкесі Әбілпейіз ван қайтыс болғанда Көгедай 12 жастағы бала, әлі де оң-солын толық меңгере қоймаған шағы, осындай буыны бекіп, бұғанасы қатпаған жас баланы ағаларының қамқорына алып баулуы да шындыққа жанасады. Ал ел арасында, шежіре-кітаптарда Көгедайдың 12 Абақ Керей еліне төре сайлануына байланысты түрлі аңыз-әңгімелер айтылғанымен, жазба дерккөздер тым тапшы, нақты қай жылдары, неше жасында төре сайланды бұл жағы қазірше беймәлім. Әйткенмен, патшаның 80 жастық туған күнін құттықтауға барып, гүндік шен алып қайтқаннан кейін 12 Абақ Керей еліне ресми гун болып тағайындалғандығын дәріптеудің де негізсіз емес екенін айта кеткен жөн.

Жоғарыдағы құжат мазмұндары негізінде Теңгебай бастаған орынбасар елшілер мен қосшылардың нақты бөлінісін төмендегідей кесте арқылы көрсетуге болады:

Бас елші	Жошы	Көгедай	Сатыпалды	Жабай	Төбет
Орынбасарлары	5	4	2	2	–
	13				
Қосшылары	3	1	1	1	1
	7				

Айта кетер бір жәйт, мәнжуша мәлімдемедегі елшілер тізімінде Дөртуыл руының ақалақшысы Төбет пен оған ерген Ырысбайдың есімі анық хатталса да, жарлық хатта бұлардың аты-жөні мүлде ескерілмеген. Бірақ әскери басқармадағылардың қазақ елшілеріне қайрандайтын заттар туралы патшаға жолдаған қытайша мәлімдемесіндегі тізімдікте Төбет және оған тартуға берілетін бұйымдар түгелдей жазылған (ЦШМА 2012 (192): 391-394). Шын мәнінде, Төбет Дөртуыл руындағы беделді адамдарының бірі, шекара өңірлерде туындаған істерді бақылап-басқарудағы еңбегі ескеріліп қарадан болса да шен маржаны мен ұтағат алған. Тарбағатай ұлығы Юнбау қатарлылардың Цяньлун жылнамасының 55-жылы 2-айдың 2-күні (1790 жылы 17 наурыз) патшаға жолдаған мәлімдемесіне негізделгенде (ЦШМА 2012 (188): 13-15), ол Шәуешек жамбылына барып, онда іс басқарып отырған ұлыққа жолығып, патшаның 80 жасқа толу байланысымен өтетін мерей тойына баруға өтініш білдірген, нәтижесінде тілегі орындалып, сұлтандардың іні-балаларымен бірге патша ордасына жіберілген. Бұдан басқа, осы жолғы елшілік сапарда жиыны 7 қосшы еріп барғаны мәнжуша мәлімдемелерде анық хатқа түскенімен, жарлық хаттың аударма нұсқасында олардың аты аталмайды. Бір қызығы жоғарыдағы қытайша тізімдіктегі қазақ елшілеріне қайрандалатын заттар мен жарлық хаттағының арасында едәуір айырмашылық бар, яғни жарлықта толығырақ жазылса, тізімдікте кейбіреуінің аты кездеспейді.

Осылай айлық жол басып патша ордасына есен-сау жеткен қазақ елшілері той аяқтағаннан кейін қайтуға қамданады.

Олар барарда бөлініп екі жолмен барса да, қайтарда Жошы, Көгедай, Сатыпалдылар бастаған елшілер тобы бір жол, бір бағытпен Ілеге қарай жолға шығады. Іле генералы Баунин қатарлылардың Цяньлун жылнамасының 55-жылы 11-айдың 11-күні (1790 жылы 16 желтоқсан) патшаға жолдаған мәнжуша мәлімдемесінде жазылғанындай Жошы, Көгедай, Сатыпалдылар Цяньлун жылнамасының 55-жылы 10-айдың 20-, 24-күндері (1790 жылы 26, 30 қараша) ілгерінді-кейінді Ілеге қайтып оралады (ЦШМА 2012 (190): 191-192). Ал Жабай тайжі, Алтабайлар қайтып келе жатқан жолда шешек шығып аялдап қалғандықтан, Жошылардан кейін Ілеге жетеді.

Қорытынды

Жинақтай айтқанда, мақаламызға арқау болған бұл жарлық хат аса маңызды тарихи дереккөз болып саналады. Онда патшаның 80 жастық туған күн тойына арнаулы барған қазақ елшілері мен олардың орынбасарларының аты-жөндері және оларға берілген шен дәрежелері мен сый-сияпаттары едәуір толық хатқа түскендіктен, бұл жағынан мол мағлұматтар алуға болады. Сонымен қатар дәйексөз келтірілген мәнжу тіліндегі мәлімдемелер жоғарыдағы жарлық хат мазмұнын тіпті де айқындай түседі әрі осы жолғы патшаға амандаса барған қазақ елшілеріне қатысты айтылып жүрген түрлі пікірлердің бір арнада тоғысуына ғылыми негіз бола алады. Жарлық хаттың ескі жазба тілдегі аударма нұсқасы, енді бір жағынан, біздің қазақ тарихы мен мәдениетін дереккөздер аясында түбегейлі зерттеуімізге аса пайдалы жазба материал көздері болмақ.

Қосымша: құжаттарда кездесетін қазақ есімдерінің әр тілдегі салыстырма кестесі:

№	Мәнжуша	Қытайша	Қазіргі қазақ тілі	
1	Hanghojo	Hang huo zhuo	Ханқожа	
2	Boru	Bo ru	Бопа	
3	Бас елпі	Jolci	Жолшы	
4	Орынбасарлары	Tanggabai	Тәңгебай	
5		Kupan	Ku peng	Күпан
6		Daqi	Da er ji	Даржи
7		Murat	Mu la te	Мұрат
8		Batur	Ba tu er	Батыр
9	Қоспалары	Dolocir	Долчир	
10		Bitek		Бітік
11		Boktobai		Бөктебай
12	Бас елпі	Kukudai	Ku ku dai	Көгедәй
13	Орынбасарлары	Tasitemur	Ta shi te mu er	Тәстемір
14		Sasai	Sa sai	Сасай
15		Altabay	A le ta bai	Алтабай
16		Booubok	Bao wu bo ke	Баубек
17	Қоспалары	Combai		Шомбай
18	Adil	A di le	Әділ	
19	Saniyas	Sa ni ya si	Санияз	
20	Бас елпі	Satibalde	Sa ti ba le da	Сатыбалды
21	Орынбасарлары	Bete	Bo hu	Быры
22		Hvrumu	Hu hu mu su	Құрымыс
23	Қоспалары	Koben		Көбен
24	Jadlak			Жәдік
25	Бас елпі	Giyabai	Jia bai	Жабай
26	Орынбасарлары	Bukunbai	Bu kun mu bai	Бөгенбай
27		Aldak	A le da ke	Алдақ
28	Қоспалары	Mirdza		Мыраа
29	Бас елпі	Tubet	Tu bo te	Төбет
30	Қоспалары	Eresbai		Нрысбай

Әдебиеттер тізімі

Әбділәшім Д. Қазақ гүні Жошының Тарбағатай амбандарына жазған хаты // Шынжаң қоғамдық ғылымы. – 2009. – № 4. – Б. 51-57.

Әбділәшім Д. Қазақ ваны Ханқожаның қой саудалау мақсатында Тарбағатай амбанына жолдаған хаты // Шынжаң қоғамдық ғылымы. – 2011. – № 2. – Б. 11-17.

Әбділәшім Д. Көгедәй гүннің өліміне байланысты жазылған қазақша арыз хат // Шынжаң қоғамдық ғылымы. – 2012. – № 1. – Б. 26-34.

Әбділәшім Д. Қытай бірінші тарихи мұрағатында сақталған қазақша құжаттар. – Бейжиң: Ұлттар баспасы, 2016. – 278 б.

Қытай Шекара өңірінің тарихы мен географиясын зерттеу орталығы және Қытай бірінші тарихи архиві бірлесіп құраст. Цин патшалық дәуіріндегі Шынжаңға қатысты мәнжуша архив құжаттарының топтамасы (ЦШМА). 187 том. – Гуйлинь: Гуанси педагогикалық университеті, 2012. – 449 б.

Қытай Шекара өңірінің тарихы мен географиясын зерттеу орталығы және Қытай бірінші тарихи архиві бірлесіп құраст. Цин патшалық дәуіріндегі Шынжаңға қатысты мәнжуша архив құжаттарының топтамасы (ЦШМА). 188 том. – Гуйлинь: Гуанси педагогикалық университеті, 2012. – 449 б.

Қытай Шекара өңірінің тарихы мен географиясын зерттеу орталығы және Қытай бірінші тарихи архиві бірлесіп құраст. Цин патшалық дәуіріндегі Шынжаңға қатысты мәнжуша архив құжаттарының топтамасы (ЦШМА). 190 том. – Гуйлинь: Гуанси педагогикалық университеті, 2012. – 448 б.

Қытай Шекара өңірінің тарихы мен географиясын зерттеу орталығы және Қытай бірінші тарихи архиві бірлесіп құраст. Цин патшалық дәуіріндегі Шынжаңға қатысты мәнжуша архив құжаттарының топтамасы (ЦШМА). 192 том. – Гуйлинь: Гуанси педагогикалық университеті, 2012. – 449 б.

Дүйсенәлі Абдилашим

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Из версии дипломатических писем династии Цин Казахскому ханству (1790 г.)

Аннотация. В статье речь идет о письме-указе, направленном императором династии Цин Цяньлуном Ханкоже султану, владевшему Восточной областью Казахстана, в конце XVIII века. Это письмо является одним из важнейших исторических источников для детального изучения дипломатических отношений Казахского ханства, особенно с его восточным соседом – династией Цин. После уничтожения джунгар Казахское ханство и династия Цин установили официальные дипломатические отношения, и торговля между двумя сторонами стала развиваться. В связи с этим было написано и отправлено много писем казахами. Сегодня эти письма хранятся в Первом Историческом архиве Китая в Пекине, здесь же находится и анализируемое нами указное письмо. Вышеупомянутое письмо было написано цинским императором Цяньлуном и отправлено Ханкоже султану через казахских послов, посещавших царский двор. В письме император рассказал о казахских послах, приехавших поздравить его в канун 80-летия, и дал сведения о присвоенных им титулах и подарках. Также упоминаются заместители послов и прислужники, которые сопровождали послов. Научная ценность статьи возрастает по мере того, как высказывания на маньчжурском и китайском языках, написанные в связи с ней, широко обсуждаются в статье наряду с исходным текстом.

Ключевые слова: Казахское ханство; Династия Цин; Ханкожа Султан; письмо-указ; заявления в Манджу.

Duisenali Abdilashim

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

A Version of Diplomatic letters from the Qing Dynasty to the Kazakh Khanate (1790)

Abstract. The article refers to the decree letter sent by the emperor of the Qing Dynasty, Qianlong, to Khanqoja Sultan, who owned the Eastern region of Kazakhstan at the end of the 18th century. This letter is one of the most important historical sources for a detailed study of the diplomacy of the Kazakh Khanate, especially with its eastern neighbor the Qing Dynasty. After the destruction of the Dzungars, the Kazakh Khanate and the Qing Dynasty established official diplomatic relations, and trade between two sides began to develop. In this regard, many letters were written and sent by the Kazakhs. Today, these letters are stored in the First Historical Archives in Beijing, China. The decree letter that we are analyzing was written by emperor Qianlong and sent to Khanqoja Sultan through the Kazakh ambassadors who visited the royal court. In the letter, the emperor wrote about the Kazakh ambassadors who came to congratulate him on the eve of his 80th birthday, and gave

information about the titles and gifts as well. It also mentioned deputy ambassadors and gunners who accompanied the ambassadors. The scientific value of the article increases as the Manchu and Chinese language statements written in connection with it are widely discussed in the article along with the original text.

Keywords: Kazakh Khanate; Qing Dynasty; Khanqoja Sultan; imperial orders; Manchu documents.

References

Abdilashim D. Kazak goni Zhoshynyn Tarbagatay ambanyna zhazgan haty. Shynzhan kogamdyk gylmy [A letter written by Kazakh Joshi sultan to the Councillor of Tarbaghatai. Social Sciences in Xinjiang], 4, 51-57 (2009) [in Kazakh].

Abdilashim D. Kazak uan Khankhozhanyyn koy saudalau maksatynda Tarbagatay ambanyna zholdagan haty. Shynzhan kogamdyk gylmy [The letter sent by Khanqoja sultan to the Councillor of Tarbaghatai for the purpose of sheep trading. Social Sciences in Xinjiang], 2,11-17 (2011) [in Kazakh].

Abdilashim D. Kogeday gonnyn olimine baylanysty zhazylgan kazaksha aryz hat. Shynzhan kogamdyk gylmy [A letter of complaint written in Kazakh about the death of Kogedai sultan. Social Sciences in Xinjiang], 1, 26-34 (2012) [in Kazakh].

Abdilashim D. Kytay birinshi tarihi muragatynda saktalghan kazaksha kuzhattar [Research on Kazakh documents in the First historical archives of China] (Ultar, Beijing, 2016, 278 p.). [in Kazakh].

Kytay shekara onirinin tarihiy men geografiasyn zertteu ortalygy zhane Kytay birinshi tarihi arhivi birlesin kurast. Tsin patshalyk daurindegi Shynzhanga katysty manzhusha arhiv kuzhattarynyn toptamasy [A Collection of the Xinjiang Manchu Documents of the Qing Dynasty]. Vol. 187. (Guilin, Guangxi Normal University, 2012, 449 p.). [in Manchu].

Kytay shekara onirinin tarihiy men geografiasyn zertteu ortalygy zhane Kytay birinshi tarihi arhivi birlesin kurast. Tsin patshalyk daurindegi Shynzhanga katysty manzhusha arhiv kuzhattarynyn toptamasy [A Collection of the Xinjiang Manchu Documents of the Qing Dynasty]. Vol. 188. (Guilin, Guangxi Normal University, 2012, 449 p.). [in Manchu].

Kytay shekara onirinin tarihiy men geografiasyn zertteu ortalygy zhane Kytay birinshi tarihi arhivi birlesin kurast. Tsin patshalyk daurindegi Shynzhanga katysty manzhusha arhiv kuzhattarynyn toptamasy [A Collection of the Xinjiang Manchu Documents of the Qing Dynasty]. Vol. 190. (Guilin, Guangxi Normal University, 2012, 448 p.). [in Manchu].

Kytay shekara onirinin tarihiy men geografiasyn zertteu ortalygy zhane Kytay birinshi tarihi arhivi birlesin kurast. Tsin patshalyk daurindegi Shynzhanga katysty manzhusha arhiv kuzhattarynyn toptamasy [A Collection of the Xinjiang Manchu Documents of the Qing Dynasty]. Vol. 192. (Guilin, Guangxi Normal University, 2012, 449 p.). [in Manchu].

Автор туралы мәлімет:

Әбділәшім Дүйсенәлі – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

Abdilashim Duisenali – Doctor of Historical Sciences, Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.